

**ҚЫЗ БАЛА КӨЙЛЕГІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНАТЫН БӨЛШЕКТЕРДІ
ЖОБАЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫН ТАЛДАУ**

**АНАЛИЗ ПРИНЦИПОВ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ТРАНСФОРМИРУЮЩИХСЯ
ДЕТАЛЕЙ ПЛАТЬЯ ДЛЯ ДЕВОЧЕК**

**ANALYSIS OF DESIGN PRINCIPLES OF TRANSFORMED PARTS OF DRESSES
FOR GIRLS**

К.Ж. КУЧАРБАЕВА, А. ЖАЙКЕНОВА
K.Z. KUCHARBAYEVA, A.ZHAIKENOVA

(Алматы технологиялық университеті)

(Алматинский технологический университет)

(Almaty Technological University)

E-mail: kaldigul.kuzarbaewa@mail.ru

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі қыз балалар көйлегінде трансформацияланатын бөлшектердің түрлену заңдылықтары мен қағидалары талданды. Жобаланған қыз бала көйлегінде трансформацияланатын бөлшектерді классикалық симметрия заңдылығында түрлендірілді. Зерттеу жұмысында қыз балалар көйлегі трансформацияланатын бөлшектермен жобаланды, яғни нарықтық бәсекелестіктегі үлгілер дәйектелінді және киімнің қызметі кеңейді.

В данной статье рассматривается анализ принципов и закономерность преобразования платья для девочек дошкольного возраста. В разработанной модели платья для девочек дошкольного возраста трансформирующие детали были преобразованы на основе классической симметрии. В результате исследования в платье для девочек разработаны трансформирующие детали, а также обоснованы рыночные соотношения и расширена функциональность одежды.

This article discusses the principles of analysis and pattern changes in dress for girls of preschool age. Transforming parts of the dress designed for girls of preschool age have been converted on the basis of classical symmetry. As a result of the study in a dress for girls transforming details were developed, also were substantiated market ratio and expanded the functionality of clothing.

Негізгі сөздер: трансформацияланатын бөлшек, классикалық симметрия, қағида, элемент, нарықтық бәсекелестік.

Ключевые слова: трансформирующая деталь, классическая симметрия, принцип, элемент, рыночные соотношения.

Key words: transforming detail, classical symmetry principle, element, market relation.

Кіріспе

Технологиялық өндірісте қарқынды дамыған кезеңінде, тұтынушылардың барлық

талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыратын заманауи тігін бұйымдарын жобалау өзекті мәселеге айналды. Тігін бұйымындағы трансформацияланатын бөлшектер ерте кезден белгілі. Трансформацияланатын бөлшектерінің даму кезеңі бірінші өру, тоқу техникасының дамуымен тікелей байланысты. Тігін бұйымдарында трансформацияланатын бөлшектердің келесі даму кезеңі пішілген киім пішіндерімен байланысты, бұл кезде киім бөлшектерінің бөлінуімен сипатталады. Көптеген жылдар бойы жең, жаға, шалбардың оң және сол жақ бөлшектері бөлек өңделді және әртүрлі бекіту әдістерімен бір біріне бекітілген. Нәтижесінде, XV – XIX ғасырлар аралығында да тігін бұйымдарындағы трансформацияланатын бөлшектердің әртүрлі тәсілдері пайда болды. [1]

Трансформацияланатын бөлшек элементтерін киімнің эксплуатациялық үдерістерінде көптеген дизайнерлер қарастырды. Көптеген жылдар бойы, трансформацияланатын киім бөлшектері мен элементтерінің конструктивті - технологиялық және композициялық шешімдері балалар киімінің талаптарын қанағаттандырды. [2] Әрқашан киімді түрлендіруде тұтынушы әртүрлі стильдік шешімдерді қолдана отырып өз костюмнің көптеген түрлерін құрастырады. Эксплуатациялық және эстетикалық талаптарға сай, балалар киімдеріндегі трансформацияланатын бөлшектерді бөлу-қосу тәсілінде түрлендіру киім жиынтығын қамтамасыз етеді және қызметін кеңейтеді.

Зерттеу нысандары және әдістері

Трансформацияланатын бөлшектер динамикалық қозғалыспен, басқа түрге айналыдыру және өзгерумен анықталады және жобалау қағидалары келесі жолдармен жүзеге асады:

- Бір пішіннің екінші түрге айналуы;
- Бір пішін ішінде бөлшектердің трансформациялануы.

Тігін бұйымдарында трансформацияланатын бөлшектердің түрлену заңдылықтары


мен қағидалары зерттеліп, қазіргі заманға сай және тұтынушылық талаптарға жауап беретін қыз бала көйлегінің үлгілері симметрия заңдылығы негізінде жобаланды. Классикалық симметрия заңдылығы негізінде трансформацияланатын бөлшектерді түрлендіру арқылы, көлемдік үлгіні жобалауда, қыз бала көйлегіндегі жаға, жең, жамылғы және жапсырма қалта бөлшектерінде симметриялық қағидалары берік сақталынды және түрлендіруде композициялық тұтастығы дәйектелді. Мұнда классикалық симметрияда түрлендірудің заңдылықтары қолданылды, олар - қарапайым айналым, айналмалы бұрыштық және жазықтық айналым симметриясы. Қыз бала көйлегінде трансформацияланатын бөлшектер, бірінші кезеңдегі айналым осі жазықтық симметриясы мен симметрия элементінде түрлендірілді. Айналым осі жазықтығында тепе-теңдік формасы немесе формадағы бөлшектің теңдігі қалыптастырылды, яғни жазықтық симметрия осіне қатысты жобаланды, форма өзінің қалпында қалады, олардың тек орны ғана ауыстырылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Мектеп жасына дейінгі қыз бала көйлегіндегі трансформацияланатын бөлшектердің түрленуі, симметрия - композиция құрылымының жарқын формасы және композиция заңдылықтарының негізгі болып саналады. Композициялық симметрия заңдылығында, костюм элементтерінің шынайы көзқараста қабылдануы, үлгілердің бөлшектері мен элементтерін түрлендіру қарапайымдылығы нақтыланды, яғни сән бағытында тұтынушы оңай қабылданатын қыз балалар көйлегі жобаланды. Көйлектегі трансформацияланатын бөлшектер симметрия заңдылығында түрлендірілді, оның оң жағы мен сол жағын орталық вертикал сызығы арқылы бөлгенде бір-бірімен тең және сәйкес бөліктерде жобаланды. Демек, қыз бала көйлегіндегі трансформацияланатын бөлшектері композициясы мен оның симметриялық түрлендіру заңдылықтарына негізделді, мұндай бұрылыста және жүйеде ешқандай өзгеріске

түспейді. Симметрияның өміршеңдігіне орай, көйлектің трансформацияланатын бөлшек формасының қолданысына қарай бірнеше топқа біріктірілді. Зерттеуде классикалық, аффиндік және қисық сызықты симметрияда түрлендіру әдістері талданды. Нәтижесінде, 2-суретте жобаланған үлгілерде, жазықтық айналым симметриясындағы көрінісі қалыптасты.

Қыз бала көйлегінің тасымалдантын сәндік бөлшегі жамылғыны 1 - суретте, зерттеуде классикалық симметрияда түрлендірілді. Жамылғының жиек қиығы бастыра тігілген шілтермен әрленген және жоғарғы жиек қиығы таспа баумен өңделген. Жамылғы қыз бала көйлегінің трансформацияланатын сәндік бөлшегі, оны классикалық симметрияның айналым осі жазықтық формасында түрлендірудің жазбасы дәйектелді.



Сурет 1 – Жамылғы бөлшегін симметрия заңдылығында түрлендіру

Трансформацияланатын төменгі жең бөлігі классикалық симметрияда, яғни айналым осі жазықтық формасында 2 - суретте түрлендірілді. Қондырма бір тігісті жең түбі бүрмеленген және бүгілген жең аузына трансформацияланатын бөлек өңделген төменгі жең арнайы текстильді түймелікпен біріктірілді. Нәтижеде, қыз бала көйлегіндегі трансформацияланатын бөлшектерді түрлендіру заңдылықтары негізінде, жобаланған үлгінің жазықтықтағы мінсіз формасы қалыптастырылды.

Зерттеу жұмысындағы жобаланған қыз бала көйлегіндегі түрленетін бөлшектер, экономистер көзқарасымен қарастырсақ, онда

Жамылғы қыз бала көйлегінің үстіңгі бөлігінен трансформацияланып, бел қиығына батырма түймелікпен түймеленгенде, белдемшедегі сәндік бөлшек басқаға түрлендірілді, мұнда классикалық симметрия заңдылығында түрлендіру арқылы үлгідегі шынайы формасы қалыптастырылды.

Бөлек өңделген 2 - суретте алынбалы жаға ұшы дөңгелек пішінді және қосып тігілген әдіпте арнайы текстильді түймелікпен мойын ойындысына біріктіріледі. Трансформацияланатын жаға классикалық формада бөлек өңделді, алынбалы жаға бөлшегі айналым осі жазықтық симметриясында мінсіз және нақтыланған формада түрлендірілді.

ол тұтынушылар мен өндірушілерге тиімді болады. Тұтынушылар бір түрленетін бұйымды сатып ала отырып, нақты түрде түсі мен матасы үйлесетін, бірақ ассортименті мен тағайындалуы әртүрлі бірнеше бұйымға ие болады. Өндірушілер трансформацияланатын киім бөлшектері негізінде бұйымды жобалай отыра, матаны үнемдеу есебінде шығын көлемін азайтып, нарық талаптарына сай жаңа қыз балалар киімінің түрлерін жобалады.

Қозғалысты өмірде және функционалды үдерістердің жиі ауысуымен, оқиғалардың жылдам ырғақпен өзгеруімен сипатталатын өмірлік жағдайларда, трансформацияланатын

бөлшектерді түрлендіру арқылы киімнің қызметі кеңейеді. Трансформацияланатын киім бөлшектері тұтынушыларға үнемділіктен басқада оңтайлы қызметтерді көрсетуге мүмкіндік береді. Трансформацияланатын бөлшектердің аздаған жиынтығы көмегімен киімнің стилін және түржинағын әрдайым өзгертуге мүмкіндік береді. Қыз балалар көйлегінің үлгілерінде негізгі бөлшек құрастырылуында айырмашылық болмайды, тек бір-бірінен кейбір трансформацияланатын бөлшектерді алмастыру арқылы үлгі ерекшеленеді. Мұнда бір типті базалық конструкция негізінде көп үлгідегі қыз балалар көйлектері жобаланды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде, 2 - суретте мектеп жасына дейінгі қыз бала көйлегінде трансформацияланатын бөлшек элементтерін түрлендіре отырып, әртүрлі үлгідегі бірнеше киім жиынтығы құрастырылды. Бұйымның сан алуан түрленуі адамды жалықтырмайды және оның қызмет ету мерзімін ұзартады. Киімді жобалауда трансформацияланатын бөлшектерді жобалау, қыз балалар киімінің әмбебаптылығын жоғарлатады, оның функционалды мүмкіндіктерін кеңейтеді және кию мерзімін ұзартады, өндірістегі дайындау шығындарын азайтады.

	1	2	3	4	5	6
Алдыңғы бой						
Белдемше						

Сурет 2 - Қыз бала көйлегінде трансформацияланатын бөлшектерді түрлендіру

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Акилов З.Т. Моделирование одежды на основе принципа трансформации. -М.: Легпромбытиздат, 1993. – 200 с.

2. Шамухитдинова Л.Ш. Разработка рациональных ассортиментных коллекций детской одежды и способов повышения её долговечности в условиях Средней Азии. Автореферат дис.к.т.н. – М., 1992. -112с.